

Ақмола облысындағы спорттың басым түрлерінің өңірлік тізбесін бекіту туралы

Ақмола облысы әкімдігінің 2019 жылғы 27 қарашадағы № А-11/579 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 29 қарашада № 7541 болып тіркелді

"Дене шынықтыру және спорт туралы" 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақмола облысындағы спорттың басым түрлерінің өңірлік тізбесі бекітілсін.

2. "Ақмола облысындағы спорттың басым түрлерінің өңірлік тізбесін бекіту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2017 жылғы 24 қарашадағы № А-12/548 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6200 болып тіркелген, 2017 жылғы 8 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақмола облысы әкімінің орынбасары А.Е. Мысырәлімоваға жүктелсін.

4. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының әкімі

Е.Маржикпаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрлігі

Ақмола облысы
әкімдігінің қаулысымен
2019 жылғы "27" қарашадағы
№ А-11/579 бекітілген

Ақмола облысындағы спорттың басым түрлерінің өңірлік тізбесі

Топтар атауы	Спорт түрлерінің атауы				
	Олимпиадалық емес спорт түрлері	Жазғы олимпиадалық спорт түрлері	Қысқы олимпиадалық спорт түрлері	Ұлттық спорт түрлері	Паралимпиадалық спорт түрлері
"А" тобы	Биатл, Триатл, Гір спорты, Джиу-джитсу, Күкусинкан каратэ-до, Киокушинкай-кан каратэ, Қол күресі, Қоян-қолтық ұрыс,	Ауыр атлетика, Баскетбол, Бокс, Велосипед спорты, Дзюдо, Грек-рим күресі, Еркін күрес,	Биатлон, Шаңғы жарысы	Асық ату, Аударыспақ, Қазақ күресі, Тоғызқұмалақ	Жеңіл атлетика, Жүзу, Оқпен ату,

	Пауэрлифтинг, Сурдлимпиада спорт түрлері (Армрестлинг, жүзу, жеңіл атлетика, еркін күрес)	Жеңіл атлетика , Каратэ WKF, Семсерлесу, Триатлон	Шайбалы хоккей, Шорт-трек		Пауэрлифтинг, Үстел теннисі, Шаңғы жарысы
"В" тобы	Автомотоспорт, ММА аралас жекпе-жек, Белбеу күрес, Грэпплинг, Кикбоксинг, Президенттік көпсайыс, С а м б о , Спорттық бағдарлау, Спорттық би, Спорттық туризм, Спорттың әскери-қолданбалы түрі, Ш а х м а т , Шинкиокушинкай каратэ,	Бадминтон, Жүзу, Көркем гимнастика, Классикалық волейбол, Таеквондо W K F , Теннис, Үстел теннисі, Футбол	Керлинг, Конькимен жүгіру спорты	Бәйге, Жамбы ату, Көкпар, Құсбегілік	
"С" тобы	Авиамодельді спорты, Допты хоккей, Қалашық спорты, Му ай - тай , Панкратион, Практикалық ату, Таеквон-до GTF, Ушу	Қол добы, Садақ ату, Спорттық құзға өрмелеу, Стенд ату, Су добы	Конькимен мәнерлеп сырғанау, Шаңғымен тұғырдан секіру	Теңге ілу	